

"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.01.2016 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған модельдік келісімшарт;

2) инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған қызметтің басым түрлерінің тізбесі;

3) инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік органдардың мамандарын, консультанттар мен сарапшыларды тарту қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.10.30 № 1154 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003

жылғы

8

мамырдағы

№

436

қаулысымен

бекітілген

Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған модельдік келісімшарт

Ескерту. Келісімшарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.10.30 № 1154 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.04.2015 № 210 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Астана қаласы _____

(күні, айы, жылы)

Осы Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған келісімшарт, бұдан әрі Тараптар деп аталатын _____ негізінде әрекет ететін _____ (ереже немесе бұйрық) атынан (басшының немесе оның міндетін атқарушы адамның аты, әкесінің аты) _____ (бұдан әрі — уәкілетті орган) _____ (уәкілетті органның атауы) және _____ негізінде әрекет ететін _____ (Жарғы немесе сенімхат) _____ атынан _____ (басшының немесе өзге уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты) _____ жобаны іске асыруды жүзеге асыратын (инвестициялық) (бұдан әрі - инвестор) арасында жасалды

_____ (Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының атауы, мемлекеттік тіркеу нөмірі, күні)

Мыналарды :

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасы қызметтің басым түрлерінде жаңа өндірістерді құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және жаңарту мақсатында қолайлы инвестициялық ахуал жасауға бағытталғанын;
- 2) уәкілетті органға тікелей инвестициялық келісімшартты жасасумен және орындалуын бақылаумен байланысты құқықтар берілгенін;
- 3) уәкілетті орган және инвестор

_____ инвестициялық жобаның атауы іске асыру кезінде олардың өзара құқықтары мен міндеттерін реттейтіні туралы уағдаласқандарын назарға ала отырып, уәкілетті орган және инвестор төменде көрсетілгендер туралы осы инвестициялық келісімшартты жасасты.

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы инвестициялық келісімшартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) инвестициялық келісімшарт — инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған шарт;

2) кірістер - пайданы, дивиденді және басқа да сыйақыларды қоса алғанда, олар төленетін нысанға қарамастан инвестициялық немесе онымен байланысты қызметтен алынатын кірістер;

3) материалдық емес активтер - жиынтық жылдық кірісті алу үшін ұзақ мерзімді кезең ішінде (бір жылдан астам) пайдаланылатын материалдық емес объектілер;

4) форс-мажор - инвестициялық келісімшарттың одан әрі орындалу барысын қиындататын немесе оған мүмкіндік бермеуге әкеп соғатын еңсерілмейтін күш мән-жайлары (әскери қақтығыстар, табиғи апаттар, дүлей зілзалалар және тағы басқалары);

5) үшінші тұлға - инвестициялық келісімшарт бойынша Тарап болып табылмайтын кез келген тұлға;

6) жұмыс бағдарламасы - өндіріс пайдалануға берілгенге дейін инвестициялық жобаны іске асыру жөніндегі жұмыстардың күнтізбелік кестесін, сондай-ақ өндіріс пайдалануға берілгеннен кейін жобаның негізгі өндірістік көрсеткіштерін айқындайтын инвестициялық шартқа 1-қосымша;

7) инвестициялық басым жоба - тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен белгілі бір қызметтің басым түрлері бойынша жаңадан құрылған заңды тұлға іске асыратын және республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінім берілген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің екі миллион еселенген мөлшерінен кем емес мөлшердегі инвестицияларды жүзеге асыруды көздейтін инвестициялық жоба;

8) инвестициялық субсидия - инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына етеусіз және қайтарылмайтын негізде инвестициялық преференция ретінде берілетін бюджеттік субсидияның түрі.

2. Осы бөлімде түсіндірмесі жоқ ұғымдардың «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) және инвестициялық преференциялар мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілердегі ұғымдарға сәйкес келетін мағынасы бар.

2. Инвестициялық келісімшарттың мәні

3. Осы инвестициялық келісімшарттың мәні инвесторға инвестициялық жоба шеңберінде Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасында

көзделген инвестициялық преференциялар беру болып табылады.

4. Инвесторға:

1) инвестициялық жоба (оның ішінде инвестициялық басым жоба) бойынша инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері беріледі:

технологиялық жабдықты және олардың жинақтауыштарын импорттау кезінде осы инвестициялық келісімшартқа 2-қосымшаға сәйкес _____ мерзімге кедендік баждар салудан босату;

технологиялық жабдықтарға қосалқы бөлшектер, шикізат пен материалдарды импорттау кезінде осы инвестициялық келісімшартқа 3-қосымшаға сәйкес _____ мерзімге кедендік баждар салудан босату;

мемлекеттік заттай грант: инвестициялық келісімшартқа сәйкес инвестициялық міндеттемелерін орындаған жағдайда, _____ түрінде _____ құқығында кейіннен _____;

2) инвестициялық басым жоба бойынша инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері беріледі:

салықтар бойынша преференциялар:

инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт жасалған жылдың 1 қаңтарынан бастап және инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт жасалған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелген қатарынан келетін он жылдан кешіктірмей, есептелетін корпоративтік табыс салығы сомасын ___ жыл * мерзімге 100 пайызға азайту;

мөлшерлемелеріне инвестициялық келісімшарт жасалған айдың 1 күнінен бастап және инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт жасалған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелетін, қатарынан келетін он жылдан кешіктірмей жыл ___ * мерзімге жер салығының 0 коэффициентін қолдану.

Мүлік салығын салық базасына 0 пайыз мөлшерлемесі бірінші актив халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес негізгі құралдар құрамында ескерілген айдың 1 күнінен бірінші актив халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес негізгі құралдар құрамында ескерілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелетін қатарынан келетін сегіз жылдан кешіктірмей есептеледі.

инвестор инвестициялық міндеттемелерін орындаған кезде, осы инвестициялық келісімшартқа 4-қосымшаға сәйкес кестеге және жылдық көлемге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде өндіріс толық

көлемде пайдалануға берілгеннен кейін инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық субсидия беріледі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2014.10.30 № 1154 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.04.2015 № 210 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Инвестициялық келісімшарттың мақсаты

5. Осы инвестициялық келісімшарт _____
(қызметтің басым түрлерінің атауы)
сыныбына сәйкес _____
(инвестициялық немесе инвестициялық басым жоба)
іске асыру кезінде инвестициялық преференцияларды беру мақсатында қолдану құқығына сәйкес уәкілетті орган мен инвестор арасындағы шарттық өзара қарым-қатынастардың заңды шеңберін белгілейді.

4. Инвестициялық қызмет объектісі

6. Осы инвестициялық келісімшарт бойынша инвестициялық қызмет объектісі _____ мыналарды :
тіркелген активтерге инвестицияларды:

Р / с №	Шығындар баптары	Қосылған құнға салық ескерілмеген сома (мың теңге):
Негізгі қаражатқа инвестициялар		
1		
2		
Материалдық емес активтерге инвестициялар		
3		
4		
	Жиыны:	

Қ А М Т И Т Ы Н

_____ (инвестициялық жобаның атауы)
орналасқан жері _____ болып табылады.
(мекенжайы)

5. Тараптардың құқықтары

7. Уәкілетті органның:

1) өкілеттіктерді табыстау шегінде инвесторлармен тікелей келіссөздер жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы атынан өкілдік етеді;

2) инвестициялық келісімшарттардың шарттарын және жасасу мен бұзуы тәртібін айқындауға, инвестициялық келісімшарт жасасуға және тіркеуге;

3) инвестициялық жобаны іске асыруға бақылау жүргізуге, оның ішінде осы инвестициялық келісімшартқа 20 және 21-тармақтарына сәйкес Инвестордан инвестициялық келісімшарттың шарттарын орындау жөнінде есепті талап етуге, сондай-ақ инвестициялық жобаға қатысты өзге де ақпаратты сұратуға;

4) осы инвестициялық келісімшартқа 5-қосымшада көрсетілген мүдделі заңды тұлғалар тарапынан кепілдірілген тапсырысты қамтамасыз етуге жәрдем көрсетеді;

5) Уәкілетті орган туралы ережеде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

8. Инвестордың:

1) инвестициялық жобаны іске асыру үшін инвестициялық келісімшарт шарттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін кез-келген әрекет жасауға;

2) уәкілетті органға белгіленген тәртіппен инвестициялық келісімшартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) инвестициялық басым жобаларды іске асыру үшін тартылатын шетелдік жұмыс күшін осы инвестициялық келісім шартқа 6-қосымшаға сәйкес кәсіптер тізбесі мен сан бойынша тарту құқығы бар.

6. Тараптардың міндеттері

9. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) Осы инвестициялық келісімшарт жасасу арқылы инвестициялық преференциялар беруге;

2) инвестордың қатысуымен инвестициялық дауларды сотқа дейінгі тәртіппен реттеуде көмек көрсетуге міндеттенеді.

10. Инвестор:

1) жұмыс бағдарламасына сәйкес осы инвестициялық келісімшарттың 6-тармағында көрсетілген инвестицияларды жүзеге асыруға және тіркелген активтерді пайдалануға енгізуге;

2) инвестициялық жобаны іске асыру кезінде осы инвестициялық келісімшарттың ережелерін сақтауға;

3) осы инвестициялық келісімшарттың 5-тармағында көрсетілген қызмет түрін өзгертпеуге және инвестициялық преференциялар берілетін келісілген

инвестициялық жобаның шарттарын бұзбауға;

4) қазақстандық кадрларды үздіксіз оқыту жүйесін енгізуге және олардың біліктілігін арттыру жөнінде жұмыс жүргізуге;

5) уәкілетті орган талап еткен инвестициялық жобаның іске асырылу барысы туралы ақпаратты беруге және осы инвестициялық келісімшарттың 20 және 21-тармақтарына сәйкес есеп беру мерзімін сақтауға;

6) инвестициялық келісімшарт қолданылатын мерзімде берілген мемлекеттік заттай грантты және инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған тіркелген активтерді жалға бермеуге, иеліктен айырмауға және олардың нысаналы мақсатын өзгертпеуге;

7) инвестициялық келісімшарт қолданылатын мерзімде осы инвестициялық келісімшарттың шеңберінде 5-тармақта көрсетілген қызметті жүзеге асыру үшін осы инвестициялық келісімшартқа 3-қосымшаға сәйкес импортталған технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектерді, шикізат пен (немесе) материалдарды қолдануға;

8) инвестициялық келісімшарт тіркелген күннен бастап бес жыл ішінде мемлекет және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісі Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан шығуға міндетті болатынына міндеттенеді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.04.2015 № 210 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Салықтар және төлемдер

11. Инвестор Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге міндеттенеді.

8. Форс-мажор

12. Инвестициялық келісімшарт бойынша қандай да болмасын орындалмаған міндеттемелер үшін, егер бұл орындамаушылық немесе орындау кезінде кідірту еңсерілмейтін күш (бұдан әрі - форс-мажор) мән-жайынан туған болса, Тараптардың ешқайсысы жауапты болмайды.

13. Еңсерілмейтін күш мән-жағдайларына әскери қақтығыстар, табиғи апаттар, дүлей зілзалалар (өрт, ірі авариялар, коммуникациялардың бұзылуы т.б.) және осы жағдайлардағы өзге де төтенше және тежеусіз мән-жайлар жатады.

14. Инвестициялық келісімшарт бойынша жұмыстардың форс-мажор мән-жайларынан туындаған толық немесе ішінара тоқтауы кезінде жұмыс

бағдарламасына өзгерістер енгізу жолымен осы жұмыстардың жүргізілу мерзімі форс-мажордың әрекет ету мерзіміне ұзартылады және форс-мажор аяқталған сәттен бастап жаңартылады.

15. Форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайда, одан зардап шеккен Тарап ол басталған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде бұл туралы форс-мажор оқиғасы басталған күнді және сипаттамасын көрсете отырып, жазбаша хабарламаны тапсыру жолымен екінші Тарапты хабардар етеді.

16. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдан шығудың шешуін іздеу үшін дереу келіссөздер өткізеді және мұндай жағдайлардың зардаптарын барынша азайту үшін барлық құралдарды пайдаланады.

9. Құпиялылық

17. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы инвестициялық келісімшарттың әрекет ету мерзімі ішінде оны іске асыру жөніндегі жұмысқа қатысты барлық құжаттар, ақпараттар және есептер жөніндегі құпиялылық шарттарын (осы инвестициялық келісімшарттың 18-тармағына сәйкес) сақтайды.

18. тараптардың ешқайсысы басқа Тараптан инвестициялық келісімшарттың мазмұнына қатысты немесе инвестициялық жобаны жүзеге асыруға байланысты және құпия деп есептелетін өзге де ақпаратты ашуға мына жағдайлардан басқа жағдайда құқығы жоқ:

1) ақпарат сот тергеуі барысында пайдаланылған;
2) егер үшінші тұлға мұндай ақпараттың құпиялылығы шарттарын сақтау және ол ақпаратты Тараптар белгіленген мақсаттарда және Тараптар анықтаған мерзімде ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, ақпарат Тараптардың біріне инвестициялық келісімшарт бойынша қызмет көрсететін үшінші тұлғаларға берілген;

3) ақпарат инвестициялық келісімшарт бойынша Тарап қаржы қаражаттарын алатын банкке немесе басқа қаржылық ұйымға берілсе, мұндай банк немесе басқа қаржылық ұйым бұл ақпараттың құпиялық шарттарын сақтауға міндеттеме алған жағдайда;

4) егер кез келген ақпаратты, соның ішінде банктік құпия болып табылатын, инвестордың кез келген, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі шетел банктерінде ашылған банк шотына қатысты ақпаратты алуға мүмкіндігі бар салық немесе Қазақстан Республикасының басқа уәкілетті мемлекеттік органдарына ақпарат берілетін жағдайлардан басқа жағдайда;

5) егер уәкілетті орган жасасқан инвестициялық келісімшарт бойынша

инвестициялық жобаны іске асыруға қатысты нормативтік құқықтық актілерді бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласа. Бұл ретте уәкілетті орган инвестициялардың сомасы мен іске асырылатын өңірлердің құрылатын жұмыс орындарының саны және инвестициялық жобаның атауы туралы ақпаратты ғана жариялауға құқылы.

10. Инвестициялық келісімшарт жағдайларының сақталуын бақылау

19. Инвестициялық келісімшарт талаптарының сақталуын бақылауды Уәкілетті орган мынадай нысандарда:

1) камералдық бақылау - уәкілетті орган осы инвестициялық келісімшарттың 20 және 21-тармақтарына сәйкес ұсынылған есептерді зерделеу және талдау негізінде жүзеге асыратын бақылау;

2) инвестициялық қызмет объектісіне барумен, оның ішінде жұмыс бағдарламасын және инвестициялық келісімшарт талаптарын орындау жөніндегі құжаттарды қарастыру арқылы жүзеге асырады.

20. Инвестициялық келісімшарт жасасқаннан кейін Инвестор уәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша тіркелген активтердің пайдалануға берілуін, технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерінің, шикізаттың және (немесе) материалдардың жеткізілуі мен пайдаланылуын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жұмыс бағдарламасында көзделген шығындар баптары бойынша таратып жазып, инвестициялық келісімшарттың орындалуы туралы жартыжылдық есептерді жиырма бесінші шілдеден және жиырма бесінші қаңтардан кешіктірмей береді.

20-1. Мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылтайшы және (немесе) қатысушы (акционер) құрамынан шығуы жөніндегі талапты растау үшін инвестор Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан шығу мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға басшының қолымен және инвестордың мөрімен (бар болса) расталған жарғының көшірмесін ұсынады.

Ескерту. Келісімшарт 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2015 № 210 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Қазақстан Республикасының инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлғасы жұмыс бағдарламасын іске асыруды аяқтағаннан кейін уәкілетті органға аудиторлық есеп ұсынады, онда мыналар қамтылуға тиіс:

1) жұмыс бағдарламасына сәйкес инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат;

- 2) жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған тіркелген активтер бойынша
т а р а т ы п ж а з у ;
- 3) жұмыс бағдарламасының орындалғанын растайтын құжаттардың жиынтық
т і з і л і м і ;
- 4) инвестициялық келісімшарт талаптарының орындалуы туралы мәліметтер.
»

22. Жұмыс бағдарламасына өзгерістер тараптардың келісімі бойынша
жылына бір рет енгізіле алады.

23. Инвестициялық қызмет объектілеріне бара отырып тексеру:

1) жұмыс бағдарламасының 1-бөлімі аяқталған жағдайда, инвестициялық
келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш ай бұрын өтелетін алты
а й к е з е ң і н д е ;

2) кедендік баждар салудан босатылатын технологиялық жабдықтың қосалқы
бөлшектері, шикізаттар және (немесе) материалдар импорты жүзеге асырылған
кейінгі жылдан бастап, жылға дейін, жыл сайын жүргізіледі.

24. Тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның өкілі мен инвестордың
басшысы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша инвестициялық
келісімшарттың жұмыс бағдарламасының орындалуын ағымдағы жай-күйі
а к т і с і н е қ о л қ о я д ы .

25. Инвестор инвестициялық келісімшарт бойынша міндеттемелерді
орындамаған не тиісінше орындамаған кезде, уәкілетті орган инвесторға
инвестициялық келісімшартқа өзгерістер енгізу үшін инвестициялық жобаның
одан әрі іске асырылуы мүмкіндіктерін негіздейтін құжаттарды ұсыну қажеттігі
т у р а л ы х а т ж і б е р е д і .

Егер хатты алған кезден бастап үш ай ішінде инвестор құжаттарды ұсынбаған
жағдайда, уәкілетті орган инвесторға хабарлама жіберілген кезден бастап екі ай
өткен соң инвестициялық келісімшарттың қолданылуы біржақты тәртіппен
мерзімінен бұрын тоқтатылатыны туралы хабарлама жібереді.

26. Егер уәкілетті орган жүргізген тексеру нәтижелері бойынша
инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінген және кедендік баждар
төлеуден босатылған технологиялық жабдық, оның жинақтауыштары, қосалқы
бөлшектері, шикізат және (немесе) материалдар пайдалануға берілмегені не
пайдаланылмағаны анықталған жағдайда, инвестициялық келісімшарт бойынша
ұсынылған инвестициялық преференциялар салдарынан кедендік баждардың
сомасын төлемеген инвестор пайдаланылмаған жабдық, оның жинақтауыштары,
қосалқы бөлшектері, шикізаттар және (немесе) материалдар бөлігінде оларды
т ө л е й д і .

26-1. Мемлекеттің және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектісінің
құрылтайшы және (немесе) қатысушы (акционер) құрамынан шығуы жөніндегі

талап орындалмаған жағдайда, инвестициялық преференцияларды қолдану ол (олар) Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан толық шыққанға дейін бір жылдан аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады.

Тоқтатыла тұрған кезең ішінде Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы (акционері) құрамынан шығу жөніндегі талаптың орындалмауы инвестициялық келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтатуға және бұрын берілген инвестициялық преференцияларды қайтаруға әкеп соғады.

Ескерту. Келісімшарт 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2015 № 210 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27. Инвестициялық келісімшарттың бұзылуы туралы ақпарат мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мыналарға:

1) тиісті шаралар қабылдау үшін салық қызметі органдарына, кеден органдарына және қажет болған жағдайда өзге де мемлекеттік органдарға;

2) оларға сәйкес мемлекеттік заттай грант берілген инвестициялық келісімшарттар бойынша салық қызметі органдарына, кеден органдарына, мемлекеттік мүлікті және (немесе) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі.

11. Дауларды шешу

28. Тараптар инвестициялық келісімшарттың кез-келген ережелерінің орындалуымен немесе түсіндірулерімен байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді өзара келіссөздер жолымен шешу үшін бар күшті салады.

29. Тараптар кез келген Тараптың екінші Тарапқа жазбаша өтінім алған күннен бастап екі ай ішінде келісімге қол жеткізбеген жағдайда даулардың шешілуі Қазақстан Республикасының сот органдарында, сондай-ақ Тараптардың келісімімен айқындалатын басқа инстанцияларда жүргізіледі.

30. Тараптар пайда болған даулар мен келіспеушіліктер толықтай шешілгенше инвестициялық келісімшартта белгіленген міндеттемелерді орындаудан босатылмайды.

12. Инвестициялық келісімшарттың тұрақтылығына кепілдемелер

31. Уәкілетті орган мен Инвестор арасындағы жасасқан инвестициялық Келісімшарттың шарттары Заңда көзделген немесе Тараптардың келісімі бойынша инвестициялық келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін жағдайларды қоспағанда, осы инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі

аяқталғанша өзгеріссіз қалады.

Инвестициялық басым жобаларды іске асыратын заңды тұлғаларға:
«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы»
Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес Қазақстан
Республикасының салық заңнамасы;

Шетелдік жұмыс күшін тарту саласында Қазақстан Республикасының
халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасы өзгерген кезде тұрақтылыққа
кепілдік беріледі.

13. Қолданылатын құқық

32. Инвестициялық келісімшарт негізінде қол қойылған инвестициялық
келісімшарт және басқа да келісімдер үшін Қазақстан Республикасының құқығы
қолданылады.

14. Инвестициялық келісімшарттың әрекет ету мерзімі және күшіне енуі

33. Инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі инвестициялық
преференциялардың қолданылу мерзімімен айқындалады. Жұмыс бағдарламасы
бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі келісімшарттың қолданылу мерзімі
аяқталғанға дейін тоғыз айдан кешіктірмей аяқталуға тиіс.

34. Осы инвестициялық келісімшарт уәкілетті органда тіркелген сәттен
б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

35. Инвестициялық келісімшарттың қолданылуы инвестициялық
келісімшарттың 16-бөлімінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жылдың (айы
) соңғы күнінің өтуі бойынша тоқтатылады.

15. Инвестициялық келісімшартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

36. Тараптар өзара келісім бойынша Қазақстан Республикасының
заңнамасына сәйкес инвестициялық келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар
енгізуге құқылы.

16. Инвестициялық келісімшартты бұзу жағдайлары

37. Инвестициялық келісімшарттың қолданылуы:

1) тараптардың келісімі бойынша;

2) бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

38. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының инвестициялық келісімшарт
жасасқан тұлғаның жазбаша түрде хабарлаған кезден бастап екі ай өткен соң

инвестициялық келісімшартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Инвестициялық келісімшарт бұзылған жағдайда көрсетілген заңды тұлға инвестициялық келісімшарт бойынша берілген инвестициялық преференциялардың салдарынан төленбеген салықтар мен кедендік баждардың сомаларын төлейді.

39. Инвестордың бастамасы бойынша инвестициялық келісімшарт біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, инвестор инвестициялық келісімшарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомаларын төлейді.

40. Инвестициялық келісімшарт тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде инвестор инвестициялық келісімшарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомасын төлейді.

41. Инвестициялық келісімшарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда инвестор өзіне мемлекеттік заттай грант ретінде берілген мүлікті заттай не инвестициялық келісімшарттың талаптарына сәйкес оның берілген күнгі бастапқы құнын қайтарады.

42. Мемлекеттік заттай грантты қайтаруды инвестор уәкілетті орган инвестициялық келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдағаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырады.

17. Инвестициялық келісімшарт тілі

43. Инвестициялық келісімшарт мәтіні, осы инвестициялық келісімшартқа қоса берілетін өзгерістер, қосымшалар, қосымша құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасақталады. Барлық даналар егер, инвестициялық келісімшартта өзге жағдайлар көзделмеген болса, тепе-тең дәл болып табылады және бірдей заңды күшке ие.

44. Тараптар тілі қатынас тілі ретінде қолданылатындығына уағдаласады. Инвестициялық келісімшарт күшіне енген күнінен бастап инвестициялық жобаға қатысты ақпарат тілінде жасалады.

18. Қосымша ережелер

45. Заңды тұлға - инвестордың қайта ұйымдасуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органның жазбаша келісіміне жүзеге асырылады.

46. Хабарламалар мен есептер тікелей қолға немесе төменде көрсетілген мекенжайға хабарламамен поштамен жіберіледі.

уәкілетті орган: _____

(атауы, заңды мекенжайы, телефондары)

уәкілетті органның басшысы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

и н в е с т о р :

_____ (атауы, заңды және іс жүзіндегі нақты мекенжайы, телефондары,
электрондық поштасы)

инвестордың басшысы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

47. Инвестициялық келісімшарт бойынша мекенжайлар өзгерген кезде
Тараптардың әрқайсысы екі апта мерзімде екінші Тарапқа жазбаша хабарлама
б е р у і _____ т и і с .

48. Қосымшалардың ережелері мен инвестициялық келісімшарт арасында
қандай да бір ауытқушылық болған кезде соңғысының негіз құраушы мәні бар.

49. Осы инвестициялық келісімшартқа _____ жылғы _____ Қазақстан
Республикасының Астана қаласында Тараптардың
уәкілетті өкілдері қол қойған.

Уәкілетті орган: Инвестор:
Қолы _____ М.О. Қолы _____ М.О.
Инвестицияларды жүзеге асыруды
және инвестициялық преференциялар
беруді көздейтін инвестициялық
жобаны іске асыруға арналған
модельдік келісімшартқа
1-қосымша

Инвестициялық жоба бойынша жұмыс бағдарламасы

Ескерту. 1-қосымшаға орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 09.04.2015 № 210 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

_____ (атауы)

Инвестордың атауы: _____

1-бөлім: Тіркелген активтерге инвестициялар, мың теңге

Р/с №	Шығындар баптары	Тіркелген активтерді пайдалануға беру күні	күнтізбелік жыл			Барлығы
			1-жарты жылдық	2-жарты жылдық	Жыл бойынша жиыны	

1-бөлім бойынша жиыны:						

2-бөлім: Технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектерінің, шикізат пен материалдардың импорты, саны

Р/с №	Шығындар баптары	Өлшем бірлігі	күнтізбелік жыл			Барлығы
			1 - жартыжылдық	2 - жартыжылдық	жыл бойынша жиыны	
1.	Қосалқы бөлшектер, оның ішінде:					
1.1						
2.	Шикізат, материалдар, оның ішінде:					
2.1						
2-бөлім бойынша жиыны:						

3-бөлім: Өндірістік көрсеткіштер, заттай көріністегі саны

Р/с №	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы	Өндірістік көрсеткіштер			Барлығы
		Күнтізбелік жыл			
		1-жарты жылдық	2-жарты жылдық	Жыл бойынша жиыны	
3-бөлім бойынша жиыны:					

Уәкілетті орган:

Инвестор:

қолы _____ М.О.

қолы _____ М.О.

Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған модельдік келісімшартқа
2-қосымша

_____ жылғы «__» _____ бастап _____ жылғы «__» _____ дейін

кедендік баждар салудан босатылатын импортталатын технологиялық жабдық пен оның жинақтауыштарының тізімі және көлемі

Ескерту. 2-қосымшаға орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 09.04.2015 № 210 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

--	--	--	--	--

Р / с №	Атауы	КОСЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны
1.				
2.				
Жиыны				

Барлығы _____ парақтағы _____ атау.

Уәкілетті орган: Инвестор:

Қолы _____ М.О. Қолы _____ М.О.

Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған модельдік келісімшартқа
3-қосымша

_____ ЖЫЛҒЫ «__» _____ бастап __ ЖЫЛҒЫ «__» _____ дейін кедендік баждар салудан босатылатын технологиялық жабдықтардың қосалқы бөлшектерінің, шикізаттың және (немесе) материалдардың тізімі және көлемі

Ескерту. 3-қосымшаға орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 09.04.2015 № 210 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р / с №	Атауы	КОСЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны
1.				
2.				
Жиыны				

Барлығы _____ парақтағы _____ атау.

Уәкілетті орган: Инвестор:

Қолы _____ М.О. Қолы _____ М.О.

Инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған модельдік келісімшартқа
4-қосымша

Инвестициялық субсидияны төлеу кестесі мен жылдық көлемі

Ескерту. 4-қосымшаға жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2015 № 210 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Жылдар	Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауы	Өндірістің заттай көріністегі көлемі	Инвестициялық субсидия, мың теңге
	Жиыны		

Уәкілетті орган:

Инвестор:

Қолы _____ М.О. Қолы _____ М.О.
 Инвестицияларды жүзеге асыруды
 және инвестициялық преференциялар
 беруді көздейтін инвестициялық
 жобаны іске асыруға арналған
 модельдік келісімшартқа
 5-қосымша

Кепілдендірілген тапсырыс

Ескерту. 5-қосымшаға орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 09.04.2015 № 210 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарап болып табылатын инвестор және 2-тарап болып табылатын заңды тұлға 1-тараптың әкелетіні, 2-тараптың сатып алатыны туралы уағдаласты

Р/с №	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы	Жылдар бойынша өндіріс көлемі	Бірлігіне бағасы	Жылдар бойынша сатып алу көлемі

Заңды тұлға (өндіруші) _____ Бірінші басшы
 М.О.

атауы _____ тегі, аты, әкесінің аты, қолы
 Заңды тұлға (сатып алушы) _____ Бірінші басшы
 М.О.

атауы _____ тегі, аты, әкесінің аты, қолы
 Инвестицияларды жүзеге асыруды
 және инвестициялық преференциялар
 беруді көздейтін инвестициялық
 жобаны іске асыруға арналған
 модельдік келісімшартқа
 6-қосымша

Мамандықтар тізбесі және инвестициялық басым жобаны іске асыру кезінде тартылатын шетелдік жұмыс күшінің саны

Ескерту. 6-қосымшаға орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 09.04.2015 № 210 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

адам саны

Мамандық атауы	Күнтізбелік жыл			барлығы
	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық	жыл бойынша жиыны	
1. Басшылар:				
2. Жоғарғы білімі бар мамандар:				
3. Білікті жұмысшылар:				

Уәкілетті орган:

Инвестор:

Қолы _____ М.О. Қолы _____ М.О.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 8 м а м ы р д а ғ ы

№ 4 3 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Инвестициялық жобаны іске асыруға арналған қызметтің басым түрлерінің тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.10.30 № 1154 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Бөлім	Бөлім атауы	Топ	Топ атауы	Сынып	Сынып атауы
1	2	3	4	5	6
1-бөлім. Инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған қызметтің басым түрлері					
				01.11	Дәнді дақылдар (күрішті қоспағанда), бұршақ дақылдарын және майлы тұқымдар өсіру
				01.12	Күріш өсіру
				01.13	Көкөністерді және бақша дақылдарын, тамыржемістіле мен түйнекжемістілерді өсіру

01	Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда көрсетілетін қызметтер ұсыну	01.1	Маусымдық дақылдар өсіру	01.14	Қант қамысын өсіру
				01.16	Талшықты иіру дақылдары өсіру
				01.19	Гүлдер өсіруді, гүлдерді жән гүлшанақта гүлдер өсіруді, г тұқымдарын өсіруді қоспаған , өзге де маусымдық дақылд өсіру
		01.2	Көп жылдық дақылдар өсіру	01.21	Жүзім өсіру
				01.22	Тропикалық және субтропикалық жемістер өсір
				01.23	Цитрусты жемістер өсіру
				01.24	Дәнді жемістерді және сүйек жемістерді өсіру
		01.3	Көшеттік өнімдерді өндіру	01.25	Жеміс ағаштарының жән бұталы жемістер мен жаңғақтардың басқа да түрлерін өсіру
				01.26	Майлы жемістер өсіру
				01.27	Сусындарды дайындауға арналған дақылдар өсіру
				01.29	Өзге де көпжылдық дақылдарды өсіру
				01.30	Көшеттік өнімдерді өндіру
				01.41	Сүтті мал тұқымдарын өсіру
		01.4	Мал шаруашылығы	01.42	Малдың өзге де тұқымдары м буйволдарды өсіру
				01.43	Жылқы мен өзге де тұяқт тұқымдарды өсіру
				01.44	Түйе мен түйетектестерді өсір
				01.45	Қой мен ешкі өсіру
				01.46	Шошқа мен торай өсіру
				01.47	Құс шаруашылығы
		01.49	Жануарлардың өзге түрлері өсіру		
		01.6	Ауылшаруашылық дақылдарын өсіру саласындағы қызметтің көмекші түрлері	01.64	Тұқымдарды көбейту үшін өңдеу және дайындау
03	Балық аулау және аквамәдениет	03.2	Аквамәдениет	03.21	Теңіз аквамәдениеті
				03.22	Тұщы судағы аквамәдениет
		10.1		10.11	Етті қайта өңдеу жән консервілеу
				10.12	Үй құсының етін өңдеу жән консервілеу

10

Тамақ өнімдерін өндіру

	Етті өңдеу мен консервілеу және ет өнімдерін өндіру	10.13	Еттен және үй құсының етін жасалатын өнімдерді өндіру
10.2	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу	10.20	Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу
10.3	Жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу	10.31	Картопты өңдеу және консервілеу
		10.32	Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру
		10.39	Жемістер мен көкөністерді өңдеу мен сақтаудың өзге де түрлері
10.4	Өсімдік, мал майы мен тоң май өндіру	10.41	Май және тоң май өндіру
		10.42	Маргарин және соған ұқса жануарлардың тоң майын өндіру
10.5	Сүт өнімдерін өндіру	10.51	Сүт өңдеу және ірімшік өндірісі
		10.52	Балмұздақ өндіру
10.6	Ұн тарту өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар мен крахмалдар мен өнімдерін өндіру	10.61	Ұн-жарма өнеркәсібінің өнімдерін өндіру
		10.62	Крахмал және крахмалдан жасалған өнімдерді өндіру
10.7	Нан және ұн өнімдерін өндіру	10.71	Нан өндіру; ұннан жасалған жаңа пісірілген кондитерлік өнімдерді, торттарды және тәтті тоқаштарды өндіру
		10.72	Кептірілген нан және печені өндіру; ұзақ сақтауға арналған ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді, торттарды, тәтті тоқаштарды, бәліштерді және бисквиттерді өндіру
10.8	Өзге де тамақ өнімдерін өндіру	10.73	Макарон өнімдерін өндіру
		10.81	Қант өндіру
		10.82	Какаоны, шоколадты және қантты кондитерлік тағамдар өндіру
		10.83	Шай және кофе өндіру
		10.84	Татымды заттар мен тұздықтар өндіру
		10.85	Дайындалған тағам өнімдері және жартылай фабрикаттарды өндіру
10.86	Балалар тағамын және диеталық тамақ өнімдерін өндіру		

				10.89	Басқа санаттарға енгізілмеге өзге де тамақ өнімдерін өндірі
		10.9	Жануарларға арналған дайын жем-шөп өндіру	10.91	Фермаларда ұсталатын жануарлар үшін дайын жем-шөп өндіру
				10.92	Үй жануарлары үшін дайы жем-шөп өндіру
11	Сусындар өндіру	11.0	Сусындар өндіру	11.06	Уыт өндіру
				11.07	Минералды суларды және бас да алкогольсіз сусындар өнді
13	Тоқыма бұйымдарын өндіру	13.1	Иіру, тоқу және әрлеу өндірісі	13.10	Иіру, тоқу және әрлеу өндіріс
		13.2	Тоқыма бұйымдарын өндіру	13.20	Тоқыма бұйымдарын өндіру
		13.3	Дайын тоқыма бұйымдарын өндіру	13.30	Дайын тоқыма бұйымдары өндіру
		13.9	Өзге де тоқыма бұйымдарын өндіру	13.91	Тоқыма жаймасын өндіру
				13.92	Киімнен басқа, дайын тоқым бұйымдарын өндіру
				13.93	Кілем және кілем бұйымдары өндіру
				13.94	Жіп, арқан, жіңішке арқан жіңішке бауларды, бауларды өндіру және тор тоқу
				13.95	Киімді қоспағанда, тоқылмағ бұйымдарды өндіру
				13.96	Өзге де техникалық және өнеркәсіптік тоқыма бұйымдарын өндіру
				13.99	Басқа санаттарға енгізілмеге өзге де тоқыма бұйымдары өндіру
14	Киім өндіру	14.1	Киім өндіру	14.11	Теріден тігілген киім өндіру
				14.12	Арнайы киімді өндіру
				14.13	Сырт киімді өндіру
				14.14	Іш киімді өндіру
				14.19	Киімдер мен аксессуарларды өзге де түрлерін өндіру
		14.2	Үлбірден жасалған бұйымдарды өндіру	14.20	Үлбірден жасалған бұйымдарды өндіру
		14.3	Тоқылған және тоқыма бұйымдар мен киімдер өндіру	14.31	Тоқылған және тоқыма шұль бұйымдарын өндіру
				14.39	Өзге де тоқылған және тоқым бұйымдарын өндіру
15		15.1	Теріні илеу және өңдеу; чемодандар, сөмкелер, қайыс	15.11	Теріні илеу және өңдеу; үлбі илеу және бояу
				15.12	Жүк сөмкелерін, әйелдер сөмкелерін және т.с.с,

